



ҚАЗІРГІ ЗАМАНЫҢ ТАЛАПТАРЫНА САЙ ЖАҢҒЫРҒАН УНИВЕРСИТЕТ

Кошанова Гулаш Рахметқызы
Ш.Есенов атындағы Каспий
технологиялар және инжиниринг
университетінің профессоры

Маңғыстау облысының орталығы ақ шаңқан қала Ақтаудағы биік те еңселі, көркімен көз тартатын зәулім ғимарат – Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті екені баршаға аян. Әдемі ғимарат өлке тұрғындарының көз алдында күн санап көркейіп, ауласына дейін неше алуан заманауи үлгілермен сәнділене өзгеріп келеді.



Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті ғимараты

Оқу ордасының ауласына ене бергенде-ақ алдыңыздан қарсы алатын университет атауы жазылған әдемі тақтадан кейін эстетикалық талғаммен таңдалған және декоративтік мазмұны келіскен субұрқак жанға жайлы көңіл-күй сыйлап тұр.

Университет ғимаратының ішкі сәулеті ғана емес, сыртқы сәнінің де үйлесімді келісімінің бірі – субұрқактың өзі-ақ Ақтау қаласының мәдени келбетін өркендету, қаланы көріктендіру шараларының бірі ретінде ғимарат төңірегінде қолайлы климат жасауда маңызды қызмет атқарады. Шағын көлемді қаламыздағы санаулы субұрқактар қатарын толықтырып тұрған сәулет



өнерінің кішкене ғана бөлшегіне университет басшылығы жаңа озық технология түрлерін қолданып, айналасын түрлі-түсті жарық шамдарымен безендіру секілді тағы басқа жұмыстар жасалуда.

Білім беру саясаты Қазақстанның алдыңғы қатарлы ЖОО-ның бірі – Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінде белсенді түрде іске асырылады. Еліміздегі білім беру саласын дамыту және жаңғырту бойынша прогрессивтік реформалар ЖОО-ның материалдық-техникалық базасының кеңейтілуіне де, ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік әлеуетінің жетілдіруіне де қатысты ірі өзгерістердің платформасы болып табылады.

Бүгінгі таңда университетіміз – мемлекеттік аттестациялау мен аккредитациялаудан өткен заманауи ірі университет. Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті – аймағымыздағы білім мен тәрбие берудің, ғылым мен мәдениеттің басты орталығы. Университетте мұнайгаз өнеркәсібі, жол көлігі, машина жасау салалары үшін, сондай-ақ педагогика, құқықтану, экономика, ақпараттық жүйелер, стандарттау, қаржы, геология, экология, жылуэнергетика, құрылыс мамандарын дайындау іске асырылады.

Бүгінде «YESSENOV UNIVERSITY» брендімен «ашықтық, ықыластылық, креативтілік» сынды құндылықтарды ұлықтап, қазақстандық жоғары білім саласында өзіндік орнын айқындай алған Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті бүгінде Маңғыстау облысындағы жоғары білім мен ғылымның, мәдениеттің орталығына айналып отыр. Қазіргі кезде университетте 8 факультет қызмет атқарады. Әрқайсысында жоғарғы дәрежедегі мамандандырылған оқытушылар мен профессорлар білім беруде. Әр факультеттің өзіндік орны мен тарихы бар, бірі екіншісінің орнын баса алмайды және факультеттердің түлеп шыққан түлектері еліміздің әр саласында, шетелдерде қайталанбас маман иелері болып қызмет атқарады. Сонымен қатар негізгі факультеттерден басқа дайындық факультетінде әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған шетел азаматтары мемлекеттік тіліміз қазақ тілін үйрену үстінде. Олардың араларында түркмен азаматтары, орыстар және шетелдерде тұратын өзіміздің қандас бауырларымыз, яғни қазақтар да бар. Осының есебінен біз студенттер шетел азаматтарымен танысып, басқа елдердің мәдениетін танып біліп, оларға өзіміздің елімізді танытамыз.

Yessenov University білім беру жүйесіне академиялық ұтқырлықты енгізу жас мамандарға өзекті білім алуға және еңбек нарығында сұранысқа ие болуға



мүмкіндік береді. Профессор-оқытушылар құрамы үшін бұл ғылыми-зерттеу және педагогикалық өсудің мүмкіндігі. Ал жалпы ЖОО үшін – әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасу механизмі. Университетте тәжірибе алмасу ниетімен академиялық ұтқырлық бағдарламасы жұмыс жасайды.

Бұл - еліміздің және шетелдік жоғары оқу орындарына барып, белгілі бір академиялық кезеңге тәжірибе алмасу арқылы білім сапасын арттыруға негізделген университетіміз тарапынан студенттерге жасалған үлкен мүмкіндіктердің бірі.

Университеттің басты жетістіктерінің бірі – кәсіби біліктілігі жоғары профессор-оқытушылар құрамының болуы.

Жоғарғы оқу орындарының алдында үлкен жауапкершілікті, осы міндетті толық қабылдап, бүгінгі біліммен ғана шектеліп қалмай, үнемі жетілдіру үстінде жұмыстанып келе жатқан профессор оқытушылар құрамы терең білім, білікті тұлғасымен дараланып тұрған кәсіби келбетінен айқын аңғарылады.

Білім ордасына деген құрмет пен ізеттің айқын көрінісі – білім беруші оқытушыларымыздың тынбай ізденісі мен білім алушыларымыздың сол игерген рухани қазыналарын топ жарып, жарқырата көрсетіп, мақтаныш бола білуінде. Әрине, жоғары көрсеткішті сапалы білім алған студенттеріміздің болашақ мамандығының алғашқы баспалдақтарын саралы санамен аттайтындығына сенім мол.

Білікті профессор-оқытушылардың арқасында студенттер сабақты тереңірек түсіне алады. Оқыту технологияларын тереңірек меңгерген оқытушыларымыз әр сабақты ерекше сипатта өткізеді. Сонымен бірге тәжірибелі оқытушылар білім алушылардың рухани жан дүниесінің маңыздылығын ескере отырып, олардың бойындағы ізгілікті қасиеттер мен қабілеттерді дамытуға бағыттайды.

Әлемдегі соңғы өзгерістерге сай, пандемия кезінде еліміз жаппай онлайн оқу жүйесіне көшкен болатын. Онлайн оқыту дегеніміз - дәстүрлі оқыту әдістерін электронды оқыту әдістерімен үйлестіру. Министрлік тарапынан оқу процесін ұйымдастыру үшін педагогтер мен студенттерге электрондық платформаларға кіруге жағдай жасалды. Оқыту құралы ретінде видео-сабақтар, дербес онлайн-жұмыс, онлайн-курстар пайдаланылып жатыр. Yessenov University тарапынан да қашықтықтан оқудың мейлінше тиімді форматтары қарастырылды.

Сапалы білім беру үшін білім саласындағы әлемдік озық тәжірибелердің бірі – Canvas онлайн платформасы енгізілді.



Бағдарлама арқылы үй тапсырмасын, бағалау жүйесін, барлық пәндер мен дәрістерді онлайн қарауға мүмкіндік бар. Сондай-ақ, оқытушы, студенттермен байланысуға, видео-аудио, жазба жұмыстарын жариялауға болады. Canvas платформасы қосымша интернет ресурстарының көмегісіз (электрондық почта, т.б) оқытушы мен білім алушылар арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік береді.

Видеодәрістер оқытушының арнайы түсіндіру жұмыстары негізінде жасалған. Студенттерге қолжетімді болу үшін де оқытушылар видеодәрістерді Youtube сайтына да арнайы жүктеді. Canvas платформасынан шықпай-ақ кері байланыс жасау мүмкіндігі бар. Ол үшін тәжірибелік жұмыс бөліміндегі тапсырмаларды орындап, тапсырманы оқытушыға жіберу функциясын орындау жеткілікті. Білім алушылардың жеке қызығушылығына байланысты қосымша материалдар бөлімі де көрсетілген. Апта бойынша білімалушылардың алған білімін қорытындылау мақсатында оқытушылар тарапынан тест сұрақтары дайындалған. Бұл сұрақтарға жауап беру арқылы апта бойы жинаған білімін тексеруге және нәтижелі қорытынды шығаруға көмектеседі, сондай-ақ, оқытушыларға студентті тиімді бағалау мүмкіндігін береді. Кері байланыс жасаған студенттердің тапсырмаларын жүктемей-ақ платформа ішінде ешбір кедергісіз тексере алады. Бұл білім алушылар үшін Canvas платформасы үлкен мүмкіндік сыйлайды.

Білім барлық істің бастауы, берекесі, мәні мен мағынасы екенін естен шығармаған жөн. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегенділік пен ұлттың алға жылжуын жылдамдататын қозғаушы күш. Бұл – егемен еліміздің жарқын болашағы мен уайымсыз келешегі үшін жасалып жатырған елеулі жұмыс. Өйткені, рухани байлығымыздың терең болғаны азаматтарымыз бен азаматшаларымыз үшін де, әрбір қоғам үшін де, кіндік қанымыз тамған туған жеріміз үшін де өте маңызды үдеріс. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, білім берумен қатар, эволюциялық дамыған, ұлттық бірегейлігі сақталған, бәсекеге қабілетті, көзі ашық, көкірегі ояу саналы азаматтарымызды көбейту басты назарда. Қашықтықтан оқу барысында білім алушылардың цифрлы сауаттылығы жоғарылағаны да жасырын емес. Білім беру жүйесінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияны дамытудың тиімді құрылымы – білім порталдары болып табылады. Қазіргі таңда студенттер порталдарды қолдана отырып, олардың ұтымдылығын салыстыруда. Қашықтықтан оқу негізінде студенттер түрлі қызықты ақпараттық және



телекоммуникациялық материалдарды қолдану арқылы да жаңа қырынан танылуда.

Университет профессор-оқытушылары студент жастардың сабақтан тыс уақыттарын өздері үшін де, алдағы болашақ өмірлері үшін де, қоғам, мемлекет үшін де пайдалы өткізуге үнемі кеңес, бағыт-бағдар береді. Білім алушылар үшін университетте жастардың салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруына барлық жағдай жасалынған.

2 желтоқсан күні Yessenov University-де «Yessenov Forum: Тұрақтылық мағыналар» форумының аясында өңір үшін маңызды үш нысанның: «Yessenov Technopark» кешені, жастар паркі және футбол стадионының ашылу салтанаты өтті.

Шараға ҚР Президентінің кеңесшісі Қуанышбек Есекеев, ҚР Ғылым және жоғары білім Министрі Саясат Нұрбек, Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбай, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Еділ Жаңбыршин сондай-ақ еліміздің жоғары оқу орындарының ректорлары, ірі кәсіпорын басшылары, депутаттар мен қоғам өкілдері қатысты.

Технопарк кәсіпкерлерге, жоғары оқу орындары мен колледж студенттеріне және мектеп оқушыларына арналған бірегей алаң болып табылады. Мұнда қатысушылар өз идеялары мен стартап жобаларын жүзеге асырып, токарь, дәнекерлеуші секілді жұмысшы мамандықтарды меңгереді. Заманауи екі қабатты ғимараттың жалпы ауданы 2000 шаршы метрді құрайды. Бірінші қабатта робототехника, цифрлық өндіріс, металл және ағаш өңдеу шеберханалары орналасқан. Ал екінші қабатта жасанды интеллект, ойын әзірлеу, блокчейн, криптовалюта, мобильді қосымшалар және киберқауіпсіздік бағыттары бойынша білім беріледі. Бұл бағдарлама Yessenov Forum-ға арнайы шақырылған әлемге әйгілі француз маманы, инновациялық оқыту әдістерінің жаңашылы Николя Садирактың 01 Edu бағдарламасы негізінде жүзеге асады. Ecole 42 және 01 Edu әдістемелері әлем бойынша білім беру жүйесіне заманауи серпін берді.

«Жастар паркі» жастардың таза ауада демалуына және түрлі музыкалық әрі ойын-сауық бағдарламаларын өткізуге арналған. Парк аумағында амфитеатр, субұрқақ және 50 орындық шағын кафе жұмыс істейді. Барлығы 3000 ағаш отырғызылған саябақ тек студенттер үшін ғана емес, қала тұрғындары үшін де қолжетімді.

Yessenov University кампусында пайдалануға берілген бұл жаңа нысан студенттердің салауатты өмір салтын ұстануына және спорттық іс-шараларды



ўйымдаштуруға мүмкіндік береді. Аумағы 7000 шаршы метрді құрайтын стадионда футбол мен жеңіл атлетикадан облыстық деңгейдегі жарыстарды өткізуге болады.

Ендеше, білігін біліммен ұштап, еліміздің өсіп-өркендеу келешегіне жауапты жас ұрпақтарды тәрбиелеп жатқан білім ордасының қалашығында жайнаған жасыл әлем жайқала берсін деп тілейміз!

Білім беру кеңістігі аясында мәдениеті қалыптасып, зиялы тұлға болуға ұмтылған арманшыл, қиялы асқақ, рухы биік жас өрен!

Ақтау қаласында орналасқан Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетіне білім алуға асығыңыздар!

